




М А З М Ұ Н Ы

<i>Дәдебаев Ж.</i> Қараханның ботасы Қабылан туған Алмамбет.....	5
<i>Дәрібайұлы С.</i> Егіншілік жөніндегі фольклор.....	14
<i>Карбозов Е.</i> Сатира ардары	22
<i>Таусоғарова А.</i> Даулы мәтіндердегі эксплицитті және имплицитті синтаксистік конструкциялар	29
<i>Жусанбаева С.</i> Көркем мәтінде авторлық ұстанымның берілу жолдары (М. Әуезовтің «Көксерек» повесі бойынша).....	36
<i>Искакова Г, Оразбекова И.</i> Сұраулы сөйлемнің дауыс ырғағындағы ағылшын және қазақ тіліндегі айырмашылықтар мен ұқсастықтар.....	42
<i>Мұсалы Л.</i> М. Әуезов әңгімелерінің орыс тіліндегі тәржімалары жөнінде.....	49
<i>Қазыбек Г.</i> Джек Лондонның кіші жанрдағы прозалық шығармаларының қазақ тіліне аударылуы.....	54
<i>Әбдікова Қ.</i> Эсхилдың «Бұғаудағы Прометей» трагедиясының қазақ тіліне аударылуы.....	64
<i>Даутова Г.</i> Абайдың «Ескендір» поэмасының шет тілдеріне аударылу мәселесі.....	71
<i>Тәпенова Ә. Д.</i> Гринвудтың «Өгей бала» повесі және оның орыс, қазақ тілдеріне аударылуы.....	79
<i>Дайрабекова Г.</i> Татьянаның Онегинге хаты: асылнұсқа және аударма.....	84
<i>Кіребаева А. А.С.</i> Пушкиннің «Евгений Онегин» романының қазақ тіліне аударылуы туралы.....	92
<i>Хабибулина А. А.С.</i> Пушкиннің «Евгений Онегин» романының қазақ тіліне аударылу жайы.....	99



Самал Дәрібайұлы,
филология ғылымдарының кандидаты,
доцент
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ
(Алматы, Қазақстан)

ЕГІНШІЛІК ЖӨНІНДЕГІ ФОЛЬКЛОР

Қазақ даласында егіншіліктің байырғы дәуірлерден келе жатқандығына археологиялық зерттеулер толық дәлел бола алады. Бұл кәсіптің республика аймағында пайда болған мезгілі – неолит дәуірі, осы уақыттан бастап табиғаттың дайын өнімдерін пайдалану орнына өндірісті шаруашылық – мал және егіншілік туа бастады, екі кәсіп түрі бірін-бірі толықтырып отырған. Кейінгі мерзімдерде қазақ халқының басты шаруашылығы – бақташылық болып, тұрмысы көшпелі сипат алғанымен егіншілік кәсіп жойылып кеткен жоқ, тек әлсіреген кезеңдері болған, өзенді-сулы өңірлерде, белгілі өлкелерде ғана дамыған. Сол себепті егіншілікпен байланысты сенімдер мен ғұрыптардың, фольклорлық түрлердің түп-тамыры тереңге тартады деп түйіндей аламыз. Алайда, ата-бабаларымыздың егіншілік кәсібінің көне кезеңдерін айғақтар заттық куәліктер археологиялық қазбалардан көптеп табылып отырса да, сөз мұралары аз. Сондықтан кейініректе хатқа түскен материалдарға арқа сүйейміз. Өйткені, фольклорда дәстүр тұрақты, сабақтастық үзілмеген.

Бұрын егіннің бітік өсуі тиісті ғұрыптарды орындап, ырымдарды сақтаумен байланысты деп сенген. Басқа кәсіптер тәрізді егіншіліктің өз иесі, пірі бар деп иланған, әрі еңбектің берекетті, жемісті болуы иенің көңілін табуға деп нанған. Орта Азия халықтарында Бобой Дехқан, Баба-Дайхан, Дехқан баба, қазаққа – Діқан баба.

Көне мифтік аңыздардың бірінде атам заманда адам енді адам болып келе жатқанда Аспан ата мен Жер ана «Жан бергенге дән беріп», жан біткенді жарылқап, Діқан баба жыл сайын жаңбыр орнына аппақ ұн жаудырып отырғаны баяндалады. Мұндай молшылықты көтере алмай, мейманасы тасыған адамдар «Діқан

баба, биыл да көп бер, қиқандама» деп кепіет сөздер айтыпты. Көл-көсір астықты аяқасты етіп қорлапты. Бұл оспадарлыққа өкпелеп, шамданған Діқан баба үш жыл ұдайы теріс қарайды. Кейін адамдар Діқан бабаның аяғына жығылып, кешірім сұрайды.

Ә.Диваевтың жазуына қарағанда, «Діқан өз қырманының астығын алып, пайдалануға кірісерде Діқан атаның атына бағыштап, Құраннан аят оқиды. Содан соң алғашқы өлшем қайыр-садақаға, «акқұлаға» бөлінеді. Бұл міндетті түрде кешкісін оттың жарығымен жасалады, күндіз жасалмайды».

«Акқұла» арабша «алланың хұқы» дегенді білдіреді. Г.П.Снесаревтің ойынша, бұл ғұрыптың тегі зороастризмге тіреледі. Алланың жолына деп бөлінген дөңге мал таптаған шақтағы жұққан ластықтан тазарту ырымы жасалған. В.Н.Басиловтың ой-тұжырымдарына жүгінсек, Діқан бабаға сыйынудың арғы тегінде бір кездегі дамыған күшті аграрлық құдайға табынудың іздері бар.

Жер жұртуға кірісер алдында егінші ауылдың көрнекті жеріне қазан қойып, қос көже дайындап, оған ауыл ақсақалын шақырған, өз ниетінен хабардар етеді. Дәмнен соң ақсақалдар:

Құдай бере берсін,
Діқан баба келе берсін, -

деп бата берген.

Тұқым себуге кіріскенде:

Бісімліһир-рахман ар-рахим,
Я, Діқан баба, құрт-құмырсқа,
Жан-жануардан қалғаның менікі,
Я, құдая, ауадан жаудыр, жерден өндір,
Бала-шағаның ризқын жеткер,

немесе:

Бісімліе,
Көптің несібесіне,
Діқан баба жолына, -

деп жалбарынған.

Алғаш дән егу кезінде «менің қолым емес, Діқан бабаның қолы» деп жасалатын ырым негізінде де жер бетіне шығар өнімнің иесі бар деген көне наным-сенімдердің көрінісі жатыр.

Негізінен, күріш дақылын егумен айналысатын Сыр бойында мынандай аңыз бар: «Адам Ата мен Хауа Ана Ібілістің азғыруымен Жаратушының әмірін орындамайды. Жаратушы оларға ешнәрсе берместен жұмақтан аластауды ұйғарады. Қаншама жалынып-

жалбарынтанымен Жаратушы райынан кайтпайды. Адам Ата амалы таусылды, өзімен бірге Жер бетіне кимас заттарынан бір нәрсені ала кетуді ойлайды. Сөйтп, башпайының арасына күріштің дәнін кыстырып ала түсіпті. Күрішті Тәңірі дақылы деп қабылдау осы кезеңнен басталыпты». Өдетте, көктемде күрішті егерде егіннің бітік болуы, құрғақшылық болмауы үшін алап басында құрбандық шалынады. Күрішті алғаш суарудан бұрын да су келетін жолға қолмен не арнайы ыдыспен су шашылады.

Күрішке жіберілетін су атыздарын қазған кезде де арық қазушылардың құралдарын (күрек, кетпен) шаршаған жағдайда тоқтатастан келесі адамға беруі, оның да өз кезегінде жұмыс біткенінше басқа қолға өткізуі шарт. Осы әрекет арқылы су жолында болатын сырт кедергілерден сақтану ырымын байқаймыз. Жұмыс біткенше құралды тастамау (дем алмау) – осы күштерге қарсы тұруға арналған тыйым. Ол бұзылса, судың келмей қалу қаупі күшейеді не ысырап болады. Бұл ырымның негізінде адам баласының көне замандардағы барлық заттын (құбылыстың) жаны, иесі бар деген таным-түсінігі жатыр. (Дал осыған ұқсас ырымды өлікті жерлеу ғұрпынан да кездестіреміз. Өлікті жерлеу кезінде де о дүниеге аттанған адамның орнын қазушылар (көр) жұмыстарын тоқтатпай, қашан марқұм денесі топырақпен көмілгенше құралға кезекпен-кезек иелік етеді. Мұнда да өлімді (өлген адамды емес) алыстату сенімін аңғарамыз. Жұмыс толық аяқталғанша оны тоқтатуға, демалуға тыйым салынған. Тыйым бұзған адам өлілер әлеміне біртабан жақындай түседі деген сенім қалыптасқан).

Жер жыртп жатқан егінші жанынан өткенде жүргінші: «Бір дәнің мың болсын» деп тілек айтса, қырман қасынан өткенде: «Қырман тасысын, обынан асын» деп тілек білдіруі қажет болған.

Астық бастыру науқанында мал айдаған балалар:

Оптыр майда, бидай пайда,

Дикан баба, майда-майда,

Береке бер, құдая-ау, көп-көп пайда, -

деп, өлең айтқан. Келтірілген өлең мәтіндері таза практикалық мақсатта айтылған.

Ежелден келе жатқан ғұрып – қырманды қандау. Егін иесі астық жанында «Құдай жолы» деп, «Дикан бабаға» деп қой не серке сойып, құрбандық қанымен жерді суарған, астыққа тығылған күрек, айыр, сыпырғыны қандаған. Бұндай ырымдар иенің көңілін аулау, астықтың бітік шығуын қамтамасыз ету ниетінен туындаған.

Этнографтар Р.Д.Ходжаева мен В.В.Востровтар Қостанай және Қарағанды облыстары егіншілері арасында сақталған Дикан бабаға арналған Көк жағыс мейрамын көрген.

Көк сал көтерілген уақта ұйымдастырылатын мейрамда құрбандыққа қой-ешкі не сиыр шалынған, құдай мен Дикан бабадан жаңбыр сұрап, жалынған. Астық бастыру кезінде балалар:

Оптыр майда, он майда,
Майда болмай, болмайды,
Сабаны саған пайда,
Дәні маған пайда, -

деген тәрізді өлең айтқан.

Қырман басында айтылатын мұндай өлеңге ұқсас, үндес жолдардың туыстас қырғыз, өзбек халықтарында ұшырасатыны белгілі.

Алғашқы қауым дәуірінен бері келе жатқан әрбір құбылыстың: желдің иесі, күн иесі, су иесі, т.б. күдіретті иелердің пәрменімен болып жататындығына сенім бертінде де ізі-қайым жойылып кете қоймаған. Көп иелер туралы түсінік бір Құдайға табыну шыққан соң да, ислам діні таралғаннан бері де сақталып қалған, кейде Дикан бабаға сыйынумен қатарласа-қабаттаса жүретіндігіне көз жеткіземіз.

Қазақ арасындағы аңыз-әңгімеде он тоғызыншы ғасырда Алтайда су құрылысын жүргізетін Кеншіні жайында «Су иесінің киелі бұйдасы Кеншінің қолында, ол өзеннің суын тіркеулі түйедей жетектейді» деген сөз болған. Бір рет Ертіс өзенінен тоған алып, арық қазып жатқан он үш жұртқа ол кенеттен: «Біз жанылыпсыз, бұл тоғанға су шықпайды, енді әуре болмай, жұмысты тоқтатайық... Маған су иесі аян берді, қазылып жатқан арыққа су иесі ақ бура болып келіп, көлденең жатып алды», - деп, жұмысын тоқтатқан.

Егінші жұрттың арық пен тоған тазарту, су тоқтату шаруаларын атқарып жүріп, құрбандыққа өгізше сойып, қанын жерге тамызбай, бірден суға ағызып жіберетін ырымы болған. Бұл ғұрыптың су иесінің көңілін тауып, мейірімін аудару, рақымын түсіру мақсатында орындалатыны күмән келтірмейді. Құрғақшылық жылдары өзен-сулы жерлерде тасаттық жасап, малды бауыздап, қанын қолма-қол суға ағызуды су тәңірісіне жасалған аса ірі ілтипат белгісі деп ұққан абзал. Су иесі туралы түсінік байырғы кезеңдерде шыққан, ал су иесі – Сүлеймен деу түркі халықтарында ислам кіргеннен кейін қалыптасқан. Хакастар су иесін суда жүзгендер мен балықшыларды

желеп-жебеуші әрі жадылаушы ретінде қабылдаса, тофалар оның тау несіне бағынбайтындығына, әрбір өзен, судың жеке қожайыны болатындығына, олардың бас су несіне мойынсұнатындығына нанған. Бақы сарындарында ұшырасатын: «Су басында – Сүлеймен, Су аяғында - Қорқыт» деген жолдар осындай наныммен ұштасып жатыр. Зайсан, Ертіс балықшылары балық аулар алдында Сүлейменге тәу етіп:

Су ішінде Сүлеймен,
Судан балық тілеймін.
Алабұға, майбас,
Қармағыма жармас,
Қабандай қап, балық,
Қармағымды тарт, балық, -

деген.

Дән тазартып жатқанда жел несін дауыстап «Мірхайдар, кел, Мірхайдар» деп шақырған. Ә.Диваев «Жел шақыру» өлеңінің мәтінін орыс тілінде аударып бастырған, өкініштісі, сол мәтіннің қазақша нұсқасы сақталмаған:

О, Жалаңаш ата, жел шақыр,
Көтерілсін қара тұман боп,
Құйын болып, боран боп,
Үрлесін жалба-жұлба етіп, жалаңаштап
Жарқырау үшін оның денесі,
Мен таба алмаспын басқа жол
Сабаннан тазалау үшін тартылған дөнді
О, Жалаңаш ата, жібер оңтүстік-батыстан
Гүілдеген қызыл желді.

Бұрын шығырдың да төңірі бар деп иланған. Т.Сейдалинің жазуына қарағанда, Торғай өңіріндегі Сейітқұл қыпшақ бастаған егіншілер атаулы мейрамында Құдай және Әлі Шынарға бағыштап, құрбандық берген, сол кезде орындалатын ән:

Шығырдың шын атасы – Әлі Шынар,
Шынарға сыйынбастан, шығыр сынар.
Өліге Шынарменен шын сыйынсаң,
Қашанда Төңірі оңғарып, ісің тынар.

Дихан бабаны ашуландырып, қаһарына тиюден, обал-сауаптан, киесінен қорыққан қазақ нанды жерге тастамайды. Нанды қасиет

тұтқандықтан «Егер баланың бойы нанға қолы жетпесе, Құранды табанға қойып алуға болады, ал, Құранға қолы жетпесе, нанды табанға қойып алуға болмайды» деген түсінік орныққан. Сондай-ақ, нанды екі саусақтың арасымен қысып алуға болмайды, ауыздағы жеп отырған нанды түкіріп тастауға болмайды, теріс қоюға болмайды, үстіне зат қоюға болмайды, кесілген нанды, болмаса, жеп отырған нанды шертуге, бір қолмен үзіп жеуге болмайды, нанды кеудесіне қойып турауға болмайды, т.с. тыйымдар туындаған.

Диханшы үшін астан кейінгі қадірлісі – еңбек құралы. Ел аузында кетпеннің теміріндегі доғал тесік жөніндегі мынадай аңыз айтылады: «Көне замандарда бір диханшы жігіт андаусызда жыланды өлтіріп алыпты. Жылан ордалы жылан екен. Өлген жыланның кегін қайтармаққа ордаластары жігітті іздеп шығады. Бұны сезген жігіт жан сауғалап қашыпты. Ордалы жыландар жігіттің ауыл-аймақ, туған-туыстарын түгел жалмапты. Жігіт амалы таусылып, көрші ауылдағы дана қариядан амал сұрайды. Сонда қария: - Балам, сені бір құтқарса қолыңдағы кетпенің құтқарады, осыны қалқан қылып жат, - деп, жігітті тоғыз кетпенмен және күлше нанмен жауып тастапты. Бірақ жыландар жігіттің жасырынған орнын тауып, оқша атылыпты. Алайда, тоғыз кетпенді тескенімен, нанды тесіп өте алмай, өздері жан тәсілім етіпті. Осылайша, жігіт дана қарияның ақылының арқасында аман қалыпты. Кетпеннің теміріндегі тесік осылайша пайда болыпты деседі».

Егін егу барысында еңбекке жаңа араласқан жасқа елге қадірлі, егін бітік шығатын қарт диханның құралы (күрек, кетпен, т.б.) беріледі. Бұл жаңа туған нәрестенің бесігін елге сыйлы, көп ұрпақ өсірген ананың аттағаны (мінгені), дүниеден озған қадірлі қарияның киімдерінен оның жасын, сый-құрметін берсін деп жыртыс бергені секілді көшпелі құрып.

Диханшылықты атадан балаға мирас етіп келе жатқан адамдардың еңбек құралдары да – ең қастерлі заттардың бірі. Бақилық болған диханшының тұтқан еңбек құралдары да өзінің ізін басқан ұрпақтарына немесе осы кәсіпті менгерген талантты жасқа табысталаып отырады.

Күрішті өсірушілер арасында осы дақылды тыныштықты сүйеді, адамның көңіл-күйі дақылдың өсіп-өнуіне әсер етеді деген түсінік қалыптасқан. Күріш көңілді жүріп, ән айтқанды, өзімен сөйлескенді ұнатады деген деректер де кездеседі.

Кейбір мифологиялық түсініктер әңгімеде емес, ырымда ғана бой көрсетеді. Діқаншылық кәсіптегі ең маңызды нәрсе – егінді бітік шығарып, мол өнім алу. Қауын-қарбыз егушілер дақылдың құр жапырақтанып (еркектеніп) кетпей, өнімді көбірек беруі үшін көп құрсақ көтерген әйел адамның іш киімімен пәлектерді ұрып-қағып шығады. Мұндай ырым мақта өсірушілерде де бар. Пияз егушілерде де осы ырым сақталған. Бұл дақылды егушілердің басты мақсаты – мол өнім алумен бірге дақылдың ащы, иісті болуы. Сол себепті де кей жерлерде осы дақылды ырым бойынша адам өз бойынан жел шығарып барып егеді. Осылай етсе иісі өткір, таза болады деп сенген.

ӘДЕБИЕТ

1. Қазақстан тарихы. Алматы, 1996.1-т. 85-б.
2. Қазақтың мифтік әңгімелері. Алматы, 2002. 26-б.
3. Басилов В.Н. Культ святых в исламе. М., 1970. С.13
4. Кармышева Дж.Х. Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды, верования и культуры народов Средней Азии. М., 1986. С.56.





МӘДЕНИЕТАРАЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАР
ЖӘНЕ
КОМПАРАТИВИСТИКА



МАДАНИЯТ АРАЛЫК БАЙЛАНЫШТАР
ЖАНА
КОМПАРАТИВИСТИКА

МЕЖКУЛЬТУРНАЯ КОММУНИКАЦИЯ
И
КОМПАРАТИВИСТИКА